

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Тарих факультеті
Дүниежүзі, тарихнама және деректану кафедрасы

**«Ғылыми зерттеу әдістері» пәні бойынша
қорытындылаушы емтихан бағдарламасы**

**Мамандық: 6B02205-тарих, 1-курс,
Оку түрі: күндізгі, 5 кредит,**

**Алматы
2024ж.**

Бағдарламаны 5B020300-тарих мамандығының жұмыстық оқу жоспары мен білімдік бағдарламаның пәндер каталогы негізінде жасаған т.ғ.д., профессор Т.Ә. Төлебаев

Дүниежүзі, тарихнама және деректану кафедрасы мәжілісінде қаралған
және ұсынылған

«___» _____ 2024ж. Хаттама №

Кафедра менгерушісі

P.C. Мырзабекова

Қорытындылаушы емтиханның өтілу түрі – жазбаша универ жүйесі: Дәстүрлі –сұраққа жазбаша жауап беру, оффлайн.

«Ғылыми зерттеу әдістері» пәні бойынша емтихан бағдарламасы

Курстың пәні, мазмұны және мақсаты мен міндеттері.

«Ғылыми зерттеу әдістері» пәнінің мәні, ерекшеліктері. «Ғылыми зерттеу әдістері» пәнінің мақсаты мен міндеттері. Қазіргі заманғы ғылым – еңбек іс- әрекетін адамның ойлауы мен психикалық және дене күштерінің ынталануын талап ететін бір түрі болып табылады. Ғылым іс – әрекеттің ең бір қыын да, күрделі, көп ақпараттық білімді, білік дағдыны талап ететін бір саласы болып есептеледі.

Қазіргі зерттеуші — ғалымның алдында кез келген ғылыми мәселені шешетін дұрыс бапты анықтау міндеті түр. Мұндай бапты беталды іздеу көп уақыт пен күшті талап етеді, бұның өзі де көбінесе дұрыс шешімге әкелмейді. Сонымен қатар, қазіргі уақытта дұрыс сұрақты қоя білу, оған жауапты анықтау қажеттілігімен ғана шектелмей, ғылыми еңбектің жемісін пайдалану нәтижелерін көре білу керек. Ғылыми жұмыстың нәтижелілігі көп жағдайда тандалған әдіске байланысты.

Ғылыми зерттеу жұмысы ұғымы және оның ерекшеліктері

Ғылыми зерттеу жұмысы ұғымы. Ғылыми зерттеу жұмысының ерекшеліктері. Ғылыми жұмыстың маңызды сәтінің бірі жаңа ой – пайым (идея) шығару және болжам (гипотеза) жасау. Жаңа, әлі белгісіз, бірақ өмірде кездесетін заңдылықты іздеу барысында ол туралы болжам жасайды, мүмкін ол дұрыс болып шығар, мүмкін жалған да болар. Гипотеза – ғылыми болжау, ғалым жұмысының айырылmas серігі. Нагыз ғалым өз жұмысын қиялсыз жасай алмайды. Қиялсыз, тапқырлықсыз, жаңа ой – пайым табу қабілетінсіз ғалым табысқа жетуі мүмкін емес. Жалаң грамматиканы игеріп, поэманы жазу мүмкін еместей, жаңа логика төзімділік пен еңбекқорлықсыз жаңа ой – пайым тудыра алмайды. Гипотезаны құру – ғылыми шығармашылық дамуының заңдылықты кезеңі.

Ғылыми зерттеу жұмысы: құрылымы, сатылары

Ғылыми зерттеу жұмысының құрылымы. Ғылыми – зерттеу жұмыстарының түрлері. Теория ғылымы өз кезегінде аналитика және өнертапқыш түріне бөлінеді. Аналитикалық ғылым белгілі түсініктер мен заңдарды математикалық өңдеудің есептеу әрекетінен құралады, мұның мақсаты аталған заңдармен құбылыстардың сандық сипаттамасын беру. Бұл

зерттеулердің мақсаты, зерттеу объектісін жүзеге асырудың түрлі жағдайында бет алысын болжамдап математикалық байланыстырыны табу.

Метод,	методика	және	методология
---------------	-----------------	-------------	--------------------

Метод және методика: ұқсастығы мен айырмашылығы. Метод және методология: ұқсастығы мен айырмашылығы. Ғылыми зерттеу және оның әдістері туралы. Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттер тізімін жасау. Ғылыми жұмыстарға үнілу. Фалымдардан ақыл –кеңес сұрау. Интернетке жүргіну. Үнемі бағамдау, байқау, іздеу, жинақтау жұмыстарын жүргізу. Тәжірибе жүргізу, (Ақынның мұражайларына, туып –өскен жеріне, немесе оқиға болған жерге бару.) **оның барысы**, нәтижесін жүйелі түрде талдап отыру. Қорытынды жасау. Бейне материалдар, слайдтар жасау. Жұмысты қорғауға дайындалу.

Методика – бір немесе бірнеше әдістер жиынтығына негізделген зерттеу жолдары, немесе олардың жиынтығына негізделген әдістер. Методология – зерттеу әдістері, жүйелері мен тәсілдері жөніндегі білімнің жиынтығы. Жүйе – күрделі құбылыстар мен процестерді зерттеу үшін қажетті техникалық құралдар мен методикалардың жиынтығы. Ғылыми зерттеу пәні теориясы жеке құбылыс ретінде нақты жағдай жиынтығы емес, ұқсас құбылыстар мен жағдайларды тұтас қолдайды.

Ғылыми	зерттеу	ұғымы	және	оның	сыныпталуы
---------------	----------------	--------------	-------------	-------------	-------------------

Ғылыми-зерттеу: оның мәні мен ерекшеліктері. Зерттеу мәселесі, объектісі және пәні. Ғылыми-зерттеу әдістерінің жіктелуі. Ғылыми-зерттеу – бұл мақсатты білім, ұғымдар, заңдар мен теориялар түрінде сипатталады: онда орналасқан, жүйе мен ғылыми-зерттеу процесінде және оның тізімделген нәтижелері; ол аяқталған қорытындылар жасауға қатаң және дәйекті қолдауға тән. Зерттеу құралдарына түрлі процедуralар, әдістер, тәсілдер, методикалар, жүйелер мен методологиялар кіреді. Бұл түсініктер төмендегі логикалық қатарды құрайды. Әдіс – зерттеу барысында белгілі бір қорытынды алуға бағытталған, бір немесе бірнеше метематикалық, немесе логикалық операциялардың теорияға немесе практикаға негізделген түрі. Процедура – белгілі бір операциялар жиынтығының орындалуын қамтамасыз ететін іс-әрекеттердің жиынтығы. Тәсіл – күрделі әдіс болып табылады, ол зерттеу барысындағы бірнеше нысаналы әдістердің жиынтығы.

Метафизикалық және диалектикалық әдістер

Ғылыми зерттеудің метафизикалық әдістері. Ғылыми зерттеудің диалектикалық әдістері. Ғылыми танымның әдістері жалпы деңгейлеріне,

ғылыми зерттелу үдерісіне, қолданылу ауқымының кеңдігіне қарай бірнеше топқа бөлінеді. Сондай-ақ олар:

- жеке,
- жалпы ғылыми және
- жалпылама (философиялық) әдістерге бөлінеді.

Эмпирикалық зерттеу әдістерін диссертацияда қолдану мәселелері .

Тәжрибе. Байқау. Өлшеу. Эксперимент. Бақылау. Эмпирикалық зерттеу әдістерін қазақ тарихын зерттеуде пайдалану жолдары

Теориялық әдістерді диссертацияда қолдану пайдалану жолдары.

Абстракциялау. Идеализация. Формаландыру. Математикалық моделдеу. Анализ. Синтез. Индукция. Дедукция. Қазақ тарихы және теориялық зерттеу әдістері

Емтихан нәтижелерін бағалау критерилері

Студенттердің емтихан білімін бағалау критерилері:

«Өте жақсы» - мәселе толық баяндалған және сипаттау барысында: тарихи еңбектерге жан-жақты сипаттама берген; басты тұжырымдар мен қорытындылан айқындалған; оларға кешенді түрде талдау жасалған; мәселе көлемінде бірнеше еңбек пайдаланылған; студент өз көзқарастарын білдіре отырып, ұсыныстар жасаған.

«Жақсы» - мәселенің негізгі мазмұны ашылған, тарихи еңбектерге жүйелі талдау жасалған, басты тұжырымдар мен қорытындыларды айқындей алған. Бірақ өз көзқарастары мен ұсыныстары нақты және айқын емес, салыстырмалы талдау аз, қорытындылаушы пікірлері жалпылама жасалған.

«Қанағаттанарлық» - жауаптар жүйесіз, үстірт, негізінен оқу құралы көлемінде жазылған. Кешенді және салыстырмалы талдау жасалмаған, басты тұжырымдар мен қорытындылар айқындалмаған, өз көзқарастары мен ұсыныстары жазылмаған, бағдарламалық материал 50 пайыздан төмен игерілген, қателіктер де кездеседі, тарихи еңбектердің басылымы жарық көрген уақыты, кейде авторлары дұрыс көрсетілмеген.

«Қанағаттанарлықсыз» - жазылған жауап тақырыпқа тікелей қатысты емес, немесе басқа мәселеге арналған, бағдарламада көрсетілгендей тарихнамалық талдаудың орнына мәселенің тарихы баяндалған, таризи зерттеу еңбектері талданбаған, жауаптарында қателер орын алған.

Емтиханға дайындалу үшін ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының түжірымдамасы. А., «Қазақстан», 1995. 10-б.
1. Волков Б. С., Волкова Н. В. Методы исследований в психологии. М., 2002.
2. Коломийцев В. Ф. Методология истории (От источника к исследованию). М., 2001. — 191 с.
3. Медушевская О. М. Теория и методология когнитивной истории /О. М. Медушевская. — М., 2008
4. Девятко И. Ф. Методы социологического исследования. М., 2002.
5. Добреньков В. И., Кравченко А. И. Методы социологического исследования. М., 2004
6. Завьялова М.П. Методы научного исследования. Томск, 2007.
7. Колмогоров Ю.Н., Сергеев А.П., Тарасов Д.А., Арапова С.П. Методы и средства научных исследований. Екатеринбург, 2017
8. Ревко-Линардато Методы научных исследований. Таганрог, 2012.
9. Рикер П. Конфликт интерпретаций. М., 1995.
10. Рикер П. История истина. СПб., 2002.
11. Хаттон П. История как искусство памяти. СПб., 2003.
12. Хеллевик О. Социологический метод. М., 2002.
13. Хюбнер К. Критика научного разума. М., 1994.
14. Эпистемология: основная проблематика и эволюция подходов в философии науки. Томск – Кемерово, 2007.
15. Ядов В. А. Стратегия социологического исследования. М., 2001
16. Королев А. А. Теория и методология современных исторических исследований. Библиограф. сб. М., 1995.
17. Астахов М. В. Методология исторической науки. Историко-библиографическое исследование отечественной литературы 80-х — 90-х гг. XX в. Том I. Библиография. Историография. Общая и специальная методология исторической науки / СЦАИ. — Самара, 2006—289 с.

Құрастырған,
т.ғ.д.,
Т.Төлебаев профессор